



**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ  
ХАБАРШЫ**

**№ 4 (34)**

**2010**





**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені**

**№ 4 (34)**

2010 жылғы қараша

**Құрылтайшы:**  
Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат  
министрлігі

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
келісім министрлігінде тіркеліп, тір-  
кеу туралы 2002 жылғы 27 мамырда  
№ 2993-Ж куәлігі берілген.

*Редакциялық алқа:*

**М. Құл-Мұхаммед**  
Мемтерминком  
төрағасы

С. Абдрахманов  
Ө. Айтбайұлы  
М. Айымбетов  
Ж. Әбуов  
Е. Әбдірәсілов  
С. Әлісжанов  
Ж. Бейсенбайұлы  
С. Ибраим  
Ә. Кекілбаев  
Ш. Құрманбайұлы  
К. Құрманәлиев  
Б. Омаров  
Д. Омашұлы  
Ғ. Телебаев  
А. Щегорцова  
К. Юсуп

**Бас редактор**  
**Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК ТЕРМИНОЛОГИЯ  
КОМИССИЯСЫНЫҢ  
РЕСМИ ҚҰЖАТТАРЫ**

Қазақстан Республикасының Президенті	Қазақстан Республикасының Президенті
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің мүшесі	Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің мүшесі
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет ісін жетілдіру жөніндегі комиссиясының мүшесі	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет ісін жетілдіру жөніндегі комиссиясының мүшесі



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**К. Мәсімов**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2010 жылғы «26» қазандағы  
№ 1113 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 367 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., № 12, 98-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы (Мемтерминком) туралы ережеде:

7-1-тармақтағы «және ақпарат» деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Омаров Бауыржан Жұмаханұлы	-	Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің төрағасы,
Щегорцова Анастасия Геннадьевна	-	Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитеті төрағасының орынбасары, хатшы,
Әлісжанов Сарқыт Қалымұлы	-	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор,
Әбдірәсілов Ербол Құралбайұлы	-	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының профессоры, филология ғылымдарының докторы,

Әбуов Жұмағали Әбуұлы	-	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Қазақ гуманитарлық заң университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор,
Құрманәлиев Кәрімбек Арыстанбекұлы	-	«Қазақ ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясы» акционерлік қоғамының вице-президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша);

мына:

«Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы	-	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі, төраға»,
«Телебаев Ғазиз Тұрысбекұлы	-	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі, төрағаның орынбасары»

деген жолдардағы «және ақпарат» деген сөздер алынып тасталсын;  
мына:

«Кекілбаев Әбіш	-	Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)»
--------------------	---	--

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Кекілбаев Әбіш	-	Қазақстанның халық жазушысы (келісім бойынша);
--------------------	---	--

көрсетілген құрамнан Төлеубек Жұмагелдіұлы Алпысбаев, Мұхамедия Ахметов, Байынқол Қалиұлы Қалиев, Бағдан Қапайқызы Моынова, Ербол Шаймерденұлы Шаймерден шығарылсын.

## **ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Хабаршының бұл айдарымен Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы С. Исақованың «Терминологияны нормалаудағы терминшінің рөлі», әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің доценті Сағатбек Медеубекұлының «Телерадиодағы шешенсөздің кәсіби аталымдары», Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы А.Е. Әубәкірованың «Неонимия ұғымы мен болмысы», әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасының аға оқытушысы А.К. Анипинаның «Қазіргі қытай тілі термин сөздерінің кірме сөздер арқылы жасалу жолдары» атты мақалалары беріліп отыр.





С. Исақова,

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе  
мемлекеттік университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы

## ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ НОРМАЛАУДАҒЫ ТЕРМИНШІНІҢ РӨЛІ

Терминді нормалау, біріздендіру, стандарттау, реттеу жұмыстарының қай қайсысында болсын терминшінің рөлі ерекше. Терминші жұмысы аталған мәселелермен ғана шектелмейді, оның жұмыстарын тағы да бірнеше кезеңге бөліп көрсетуге болады.

1. Ғылым мен техника ұғымдарын терминдендіру тілшілердің сала мамандарымен бірлесе отырып жүргізген жұмыстарының нәтижесі. Жеке-леген ғылым салаларының терминдік жүйесі құрылып, оларды белгілеуге барынша сәйкес келетін лексикалық бірліктер іріктелінеді.

2. Сала мамандары тілшілермен бірлесе отырып, тілдегі терминдердің қолданысын нормалау және әрбір ғылым саласы үшін жаңа жасалатын терминдерге арналған нұсқаулар дайындаумен айналысады. Реттеудің бірінші кезеңінде тілдегі кездесетін сөзқолданыстың барлығы жиналады. Олардың ішінен сауаттысын, жүйелісін, қалыптасқанын, сөзжасамдық мүмкіндігін ескере отырып таңдап алынады. Екінші кезеңде терминші қалыптасқан үлгі бойынша терминдердің жүйелілігін, ғылым тіліне жеңіл енетінін, лайықтылығын тексере отырып, өзі жаңа термин жасай бастайды. Егер мұндай терминдер заң жүзінде қабылданатын болса, онда олар ресми құжаттарда жалпыға бірдей міндетті қолданысқа айналады. Қалыптасқан терминдерді ғылымның қазіргі даму деңгейіне сәйкестендіру үшін жүйелі түрде терминдік жүйені сын көзбен қайта қарап отыру қажет. Ресми қолданысқа ұсынылмаған терминдер кәсіби сөйлеу тілінде қалып, түрлі өзгерістерге ұшырайды. Мысалы, психологияда *Бугер – Вебер заңы* ресми бекітілген термин болса, ол кәсіби қарым-қатынас тілінде *Вебер заңы* деп те қолданыла береді.

Отандық терминшілердің көп жылғы тәжірибесі, егер қабылданған, қалыптасқан ұлттық термин болатын болса халықаралық терминді алудың қажеті жоқтығын көрсетті; егер кірме сөз терминологиялық жүйеге сәйкес келіп тұрса, одан қашудың реті жоқ; синонимдерді күшпен жою да артық, өйткені абсолютті синонимдер кездеспейді. Егер қандай да бір ұғымды білдіру үшін әр түрлі терминдер қолданылатын болса, оның себебін іздеу

қажет, мүмкін бұл жерде әр түрлі құбылыс болуы мүмкін. Егер әр түрлі құбылыс болатын болса, екі терминде сақталып, әрқайсысы анықтамаға ие болады.

3. Салалық терминологиялық сөздіктерді жасау: біртүлді түсіндірме, екі тілді аударма т.б. Мұндай сөздіктердің көпшілігі ұғымдар иерархиясының бір-бірімен қатынасын көрсететін жүйелілік принцип бойынша жасалынады. Материалдарды әліпбилік негізде жинау қосымша рөл атқарады. Сондықтан да көп тілді терминологиялық сөздіктер жасау өте қиын болып келеді.

4. Ғылыми, техникалық және басқа да арнайы терминдерді аудару практикалық терминологиялық жұмыстардың тағы бір бағыты болып есептеледі. Арнайы мәтіндерді аудару кезінде ондағы терминдерді дұрыс, дәл аударудың маңыздылығын айту керек. Аудармашылардың конференциялары мен семинарларында терминдерді аудару тәсілдерін таңдау мәселелері басты орынды алатыны тегін емес. Аталған тәсілдерді пайдалануға арналған ұсыныстар жасалды (Лейчик, Шелов, 1989-1990). Олардың мазмұнын қысқаша былай беруге болады.

а) Аудару тәсілдерінің тиімдісі түпнұсқа тілдегі (ТТ) терминнің баламасын аударма тілден (АТ) табу болып есептеледі. Бұл тәсілді пайдалану егер АТ мен ТТ тараған елдер қоғамдық дамудың бірдей деңгейінде тұрса немесе бұл деңгейді өздерінің тарихында басып өткен жағдайда ғана мүмкін болады. Мәселен, неміс тілінің әлеуметтік-экономикалық *Bauer* термині орыс тіліне *крестьянин* деп аударылса, қазақ тіліне *шаруа* деп аударылады, ал орыс тілінің *рабочий* термині ағылшын тіліне *worker* деп аударылса, қазақ тіліне *жұмысшы* деп аударылады. Француз тілінің физикалық термині *vareur* орыс тіліне *пар* деп аударылса, қазақ тіліне *бу* деп аударылады, ал орыс тілінің *управление* термині – неміс тіліне *leitung*, қазақ тіліне *басқару* деп аударылады. Көрсетілген терминдердің жаңа терминдермен салыстырғанда айырмашылығы балама терминдер әдетте екі тілде де қатар өмір сүретіндігімен, олардың аудару кезінде анықталатындығымен түсіндіріледі.

б) Егер аударылатын лексикалық бірліктің семантикалық құрылысы екі тілде де бір-біріне сәйкес келсе, оларды семантикалық калька деп атайды. Семантикалық калька жаңа мағына бермейді, ол тілде бұрыннан бар сөзде жаңа мағына пайда болады. Сөздің өзі емес, оның мағынасы, семантикасы көшіріледі. Мысалы, *қағаз-ақша валютасы (валюта бумажно-денежная)*, *ғылыми-ақпараттық басылым (издание научно-информационное)*, *мүліктік жауапкершілік (имущественная ответственность)*, *инвестициялық*

ахуал (инвестиционный климат), тергеуді ұйымдастыру (организация расследования), қозғамдық бірлестік (общественное объединение) т.б. Семантикалық калька арқылы ТТ жасалынған терминнің құрылысы ТТ нормасына сәйкес келеді, ал АТ жасалынған терминнің құрылысы АТ нормасына сәйкес келеді. Екі тілге де терминнің мағынасы ортақ болады, сондықтан бұл тәсілді семантикалық калька деп атайды.

в) Аударма кезінде лексикалық бірліктің құрылысы сол бірлікпен қоса алынатын болса, онда құрылымдық калька туралы айтуға болады. Мысалы, *дүниеге көзқарас* (мировоззрение), *халықаралық* (международное) құқық, *қозғамдық-саяси* (общественно-политическая) жүйе, *аралық ми* (промежуточный мозг), *борыш сезімі* (чувство долга) т.б.

г) Аударма кезінде терминнің семантикасы да, құрылысы да, формасы (дыбыстық құрамы мен жазылуы) да алынатын болса, онда кірме терминдер туралы сөз болады. Бұл жерде кірме сөздердің екі түрін, яғни екі тілдің бір-бірімен араласуы негізінде пайда болғандары мен грек-латын элементтерінен тұратын және еуропалық мәдениеттің белгілі бір ерекшеліктерін білдіріп тұратын халықаралық терминдердің аражігін анықтап алу қажет.

Егер ТТ термин АТ өзі білдіріп тұрған ұғымымен немесе өзі бейнелеп тұрған нысанымен енетін болса, онда ол терминді кірме термин ретінде қабылдауға болады. Мәселен, *валюта, съезд, конференция, экология, компьютер, дисплей, сепаратизм, коллоквиум, коллизия* т.б. Дегенмен, ТТ мен АТ қолданылатын елдердің ғылыми-техникалық деңгейі бірдей болса, аудармашылар немесе редакторлар ТТ терминнің баламасын АТ табуға немесе АТ бірліктерінен жаңа термин жасауға тырысуы керек. Мысалы, ағылшын тілінің *know-how* терминін орыс тілі *ноу-хау* деп алғандықтан, қазақ тіліне де *ноу-хау* деп алынып отыр. Т. Білдебаевтың «Қазіргі заман ұғымдары мен терминдерінің қысқаша түсіндірме сөздігінде» (2001) *ноу-хау* – 1) шеберлік, ептілік, жоғары біліктілік жұмысы; ұзақ уақыт іс жүзінде алынған, біліктілік пен тәжірибе; 2) ұлттық және халықаралық нарықта тауар болып табылатын арнаулы техникалық құжаттамалар түріндегі өндіріс, бір затты жасау, қызмет көрсету, өндірістік тәжірибе және т.с.с. техникалық, технологиялық немесе коммерциялық ақпарат деп анықтама беріледі. Аталған терминді *өндіріс құпиясы (секреты производства)* деп аударуға әбден болады.

д) Кейбір жағдайларда термин сипаттамалы конструкциялар арқылы аударылуы мүмкін. Бұл тәсіл ТТ ғылым мен техника, мәдениет т.б. салаларындағы жетістіктерін бейнелейтін терминдердің баламасы АТ

болмаған жағдайда қолданылады. Мәселен, кеңестік саяси-экономикалық екіпінді (ударник) терминін ағылшын тіліне аудару барысында сипаттамалы конструкцияны пайдаланғанын студенттерге арналған Уэбстердің сөздігінен байқауға болады: *a worker who had excelled in voluntary increase of production* – «өндірісте өз еркімен жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген жұмысшы» (рабочий, который на добровольных началах добился высоких показателей в производстве).

5. Терминологиялық редакциялау техникалық және әдеби редакциялау сияқты мәтіндерді ғылыми редакциялаудың бір түрі болып табылады. Терминологиялық редакциялау туралы сөз еткенде оның мақсатын, міндеттерін, әдістері мен принциптерін анықтап алған жөн.

Оның мақсаты – мәтіннен танымдық, білім алу және тәрбиелік жағынан барынша тиімді мәліметтерді алуға қол жеткізу болып есептеледі.

Терминологиялық редакциялау барысында аталған мақсатқа белгілі бір тілге, терминдік жүйедегі орнына тәуелді болып келетін терминдермен жұмыс істеу арқылы қол жеткізуге болады. Сондықтан терминологиялық редакциялаудың міндеттері – терминдер мен сөздерді, оларды ауыстырып тұрған бірліктерді олардың нақты бір мәтіндегі орны, терминнің аталған ғылым немесе техника саласының басқа терминдері арасындағы, сол терминдік жүйе ішіндегі орны тұрғысынан дұрыс қолданумен айқындалады.

Терминологиялық редакциялау принциптері редакцияланатын мәтіннің жанры мен стиліне байланысты анықталады. Мысалы, таза ғылыми мәтіндерде, яғни монография, ғылыми мақалаларда арнайы терминдер өте көп кездеседі. Оларда аталған терминдер түсіндірілмейді, өйткені мұндай мәтіндердің оқырмандары ол терминдердің түсіндірмесін қажет етпейді деп есептеледі. Ал ғылыми-көпшілік мақалаларда немесе газет очерктерінде терминдердің түсіндірмесі берілуі мүмкін, өйткені оқырмандар көтеріліп отырған ғылыми мәселемен, саяси немесе экономикалық жағдайлармен алғаш рет таныс болуы мүмкін.

Терминологиялық редакциялау әдістері туралы сөз еткенде, көбінесе екі әдістің қолданылатынын айту керек. Біріншісі – редактор мәтіндегі терминдерді олардың анықтамаларымен сәйкестікке келтіреді немесе оларды бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес (стандарттар, ұсынылған терминдер жинағы), немесе аталған ғылым мен техника саласында кеңінен қолданылатын варианттарымен салыстыра отырып реттейді. Екінші әдіс – егер мәтінді редакциялаған автор белгілі бір жаңа терминдерді енгізуді ұсынса, онда ол сол мәтінде терминдердің түсіндірмесін, анықтамаларын беруі тиіс.

6. Терминологиялық жұмыстардың соңғы жаңа бағыттарының бірі – ТБЖ (терминологиялық банк жиынтығы) жасау болып табылады. Ол терминологиялық картотекалар жасау жұмыстарынан бастау алады. ТБЖ ғылыми, техникалық, экономикалық және тағы басқа терминдердің санының жедел өсуімен байланысты және терминологиялық ақпараттарды қолмен өңдеудің мүмкін еместігінен пайда болды. Қазіргі кезде компьютерлендіру түрлі деңгейдегі арнайы ақпараттарды өңдеу тәсілдерінің маңыздысы болып есептеледі. Ол еңбек көлемін төмендетеді және ақпараттық жұмыстардың сапасын арттырады, ақпараттарды өңдеу және беру мерзімдерін қысқартады. Бұл салада мамандар мен ғалымдарды терминдердің дәл және бекітілген нормативтік құжаттарымен қамтамасыз ету жұмыстары ерекше орын алады. Дәл осындай терминологиялық мәліметтерді жинау, сақтау, беру қажеттіліктері ТБЖ – терминдердің автоматтандырылған қоймасын жасауға әкеледі. ТБЖ әрбір термин қосымша ақпаратпен қамтамасыз етіледі: терминнің мағынасы көрсетіледі, яғни анықтамасы беріледі, басқа тілдердегі баламалары беріледі, қысқа формалары, оның қолдануға болатын немесе болмайтын синонимдері, термин қандай құжатпен бекітілген және т.б.

ТБЖ жасаудың мақсатына қарай оларды ғылыми-техникалық әдебиеттер мен құжаттарды аудару жұмыстарына бағытталған және стандартталған, ұсынылған терминдер туралы ақпараттармен қамтамасыз етуге арналған деп екіге бөлуге болады.

Қазіргі уақытта ондаған ірі ТБЖ бар. Ресейде стандартталған терминдер банкі, медициналық терминдер банкі және т.б. жұмыс істейді. Ең ірі германиялық “Сименс” фирмасының ТБЖ 8 тілде 2,5 млн. жуық терминдерді қамтиды. Францияда стандарттау ұйымы құрған ТБЖ, Канадада екі ТБЖ жұмыс жасайды. Германияда ТБЖ стандарттау институтында және басқа да басқару органдарында жұмыс істейді.

ТБЖ болашағы зор. Терминдер автоматтандырылған қоймалардан ірі ғылыми зерттеулердің құралдарына айналады. Олардың практикалық маңызы өте үлкен.

7. Қолданбалы терминтанымға ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарды да жатқызуға болады. Ол терминологиялық стандарттар мен сөздіктер жасауға, ТБЖ құруға, терминология мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар және т.б. кездесулер ұйымдастыруға, терминтаным негіздеріне түрлі деңгейдегі мамандарды, атап айтқанда, аудармашыларды, стандарттау мамандарын, қолданбалы лингвистика саласындағы ғылыми қызметкерлерді оқыту сияқты жұмыстарға басшылық жасаудан тұрады.

Аталған және тағы да басқа ұйымдастыру-әдістемелік сипаттағы терминологиялық жұмыстардың барлығын ұлттық және халықаралық органдар атқарады. Олардың белгілі бір бөлігі арнайы терминологиялық жұмыстарға арналса, екіншілері бұларды басқа қызметтермен бірге орындайды.

Таза терминологиялық жұмыстармен төмендегі ұйымдар айналысады. Мәскеуде терминологияны стандарттауға жауап беретін және «Ғылыми-техникалық терминология» деп аталатын журнал шығаратын Стандарттау және сапа ақпараттарының кешенді ғылыми-зерттеу институты (ВНИИ-КИ); жаратылыстану және техникалық ғылым салаларындағы терминологияны реттеу жұмыстарына басшылық жасайтын Ғылыми-техникалық терминология комитеті (КНТТ) РАН; арнайы сөздіктерді шығаратын «Орыс тілі» және тағы басқа баспалар; медициналық терминдер банкін жасайтын және медициналық түсіндірме сөздіктер мен анықтағыштар шығаратын «Медициналық энциклопедия» ғылыми-өндірістік бірлестігі жұмыс істейді. Мәскеуде ғылыми-техникалық терминологияның әдіснамалық мәселелеріне арналған семинарлар және қоғамдық ұйымдар жұмыс істейді. ТБЖ жасаудағы үлкен жұмыстарды Санкт-Петербург университеті және Омск терминологиялық орталығы атқарады. Нижегородский университеті «Термин және сөз» мәселесіне арналған ғылыми еңбектердің жинағын шығарып тұрады.

Тәуелсіз мемлекеттер терминшілерінің жетістіктеріне Украина ғылым Академиясы жанындағы ғылыми терминология Комитетін, Ужгород, Днепрпетровск қалаларындағы университеттеріндегі ірі мамандарды, Латвия ғылым Академиясы жанындағы ғылыми терминология Комитетін, олардың латыш терминологиясын реттеумен, латыш, неміс, ағылшын, орыс тілдерінде терминдердің жинағын шығарумен айналысатындығын айтуға болады.

Біздің елімізде терминологиялық жұмыстармен Тіл комитеті мен Мемтерминком айналысады. Мемтерминком – кеңесші орган болғандықтан, оның бекіткен терминдері бірізді қолданылмай келеді. Нәтижесінде термин мәселесі толастар емес. Бізде бұл тұрғыда атқарылар жұмыстар әлі жетерлік.

Халықаралық ұйымдар қатарына Венада орналасқан терминология бойынша Халықаралық ақпарат орталығын (Инфотерм), Варшавадағы «Neoterm» журналын шығаратын жаңа терминдерді біріздендіретін Халықаралық ұйымын (МОУТН) жатқызуға болады.



Жоғарыда сөз болған мәселелердің барлығы мынадай қорытынды жасауға негіз болады. Қазіргі кезде бүкіл дүние жүзінде теориялық және практикалық тұрғыдан болсын, терминологиялық жұмыстарға баса назар аударылып отыр. Бұл ғалымдар мен мамандардың ғылыми, техникалық, сауда және экономикалық табыстар дәл, тиімді, шындық болмысқа сай келетін терминологияға тәуелді екенін түсінгендігімен байланысты болса керек.

Қорыта айтсақ, қазақ терминтанымының шешілуге тиіс өзекті мәселелерінің бірі – терминологияны нормалау болып табылады. Терминологиялық норма дегеніміз – ғылым тіліне қызмет ететін тілдік бірліктердің дәлдік, қысқалық, бірмағыналылық, ақпараттық толықтық т.б. талаптарға сай қолданылуын реттейтін қабылданған ережелер жиынтығы.

Сағатбек Медеубекұлы,  
ф.э.к. *әл-Фараби атындағы*  
*Қазақ ұлттық университеті журналистика*  
*факультетінің доценті*

## ТЕЛЕРАДИОДАҒЫ ШЕШЕНСӨЗДІҢ КӘСІБИ АТАЛЫМДАРЫ

Телерадио журналистика саласында ана тіліне аударылмаған қаншама кәсіби сөздердің ұлт тілінде баламасы бар. Соларды аршып алып әуелі ғылыми айналымға қосып, өндірісте қолданылуына жол ашу – бұл зерттеудің басты мақсаттарының бірі. Рас, радио мен теледидар қазақ даласына келгелі бір ғасырға жуықтады. Қазақ радиосы тарихын арнайы зерттеген ғалым Н. Омашевтің айтуынша, біздің ұлтымыздың атамекеніне радио-телеграфтар 1917 жылдан бастап ене бастаған, «...1921 жылдың күзіне қарай радионы дұрыс жолға қоюмен бірге, ол арқылы ақпарат хабарларының жақсаруына да қол жетті»(1). Ал теледидардың Қазақстанға енуі туралы зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, С. Масғұтов: «1958 жылы телевизия Қазақстанда да пайда болды. Республика астанасы тұрғындары 8 мартта тұңғыш рет өз экрандарында Қазақ телевизиясының алғашқы дикторлары З. Жұматова мен Н. Омарованың дидарын көрді», – дейді. (2) Ғалым Қ. Тұрсын: «...қазақ топырағында «көгілдір экран» деген атпен өнердің жаңа түрі «теледидар» өмірге келді. Қазақ телевизиясы ресми түрде 16 наурыз күні ашылды», – дейді. (3)

Сол жылдардан бері қазақ телерадио журналистерінің кәсіби аталымдарды ұлт тілінде жасауына, қолдануына көп кедергі болғаны шындық. Біріншіден, телерадио техникасының өзі де, оның атауы да бұрын қазақ даласында болмағандығы; екіншіден, оларды пайдалану, қолдануға, игеруге қатысты сөздердің де, ұғым-түсініктердің қалыптасқан жүйесінің де болмағандығы; үшіншіден, орыстандыру саясатының қарқынды жүргізілуі; төртіншіден, телерадио техникаларының тілін білетін ұлттық кадрлардың өте аз дайындалуы немесе кей жерде мүлдем дайындалмауы; бесіншіден, қазақ тілі мәртебесінің күрт төмен түсірілуі басты кедергі болған деп білеміз. Десек те, кейбір ана тіліндегі аталымдардың әр жылдар әртүрлі қолданыста болғаны да шындық. Біз әлі күнге «передача» дегенді «хабар» деп қолданып жүрміз. «Передача» деген сөздің қазақ тіліндегі баламасын егер радиода болса «айтылым», теледидарда болса, «көрсетілім» деп енді-енді ғана тілдік қолданысқа енгізіп келеміз.





Осыған орай телерадиопублицистикаға қатысты сөзгерлер арасында ара-тұра қолданылып жүрген, бірақ әлі тұрақталып болмаған ана тіліндегі аталымдарға анықтама беруді, сөйтіп осы саланың термині ретінде ғылыми айналымға ұсынуды жөн көріп отырмыз.

*Айтаман* – алдынала дайындалған хабарат, жаңағат топтамасын жәрдемердің (суфлер) көмегімен эфир арқылы айтып беруші. Шын мәнінде олар жәрдемер бетіне шыққан немесе алдындағы қағазға жазылған сөйлемдерді оқиды. Айтаман кейде қағаздағы дайын мәтінді жаттап алып айтады, кейде айтылған ақпараттарға қатысты өз ойын, байлам-тұжырымын қыстыра кетеді. Айтаман экран арқылы айтарын қабылет-қарымы жетсе өзі дайындайды. Мұндай болмаған жағдайда арнайы редактор дайындап береді. Бірақ көбінесе болған оқиғаларға байланысты пікірлерді өзі дайындап, өзі айтқаны әлдеқайда сенімді шығады. Жәрдемерден оқылып тұрған мәтіннің ауызша айтылуы барысында кейбір айтымдардың жансыз шығатын бір себебі оның әу баста жазбаша дүниеге келуінде. Және оны жазу барысында экраннан дыбысталу мүмкіндігі мен естілу ерекшелігі ескерілмегендіктен, болмаса дұрыс оқымағандықтан болады. Бұл тұста Р. Сыздық арнайы зерттеп, ғылыми айналымға қосқан қазақ тілінің өзіндік сөз сазы қағидалары (4) қаперде болғаны керек. Ауызша айтудағы тіл оралымы мен дыбыстық топтар естуге, тыңдауға оңтайландырылғаны тиімді.

*Айтушы* – ойдың, пікірдің төлиесі (авторы). Қоғамдық пікірді сараптап, талдап, тарқатып айтып беруші. Өзінің сөзін де, өзгенің сөзін де болған оқиғаға байланысты жинақтап, қорытып эфирден сөйлеуші. Бұл таңдалған тақырыпқа орай мәселені терең білетін маман, сол бағытта елге танымал тұлға болуы мүмкін, болмаса қоғамда орын алған жағдаяттарға қатысты өзіндік пікірі бар және онысын эфир арқылы жұртқа жеткізуші қатардағы азамат та болуы мүмкін. Айтушы алдымен өз көзқарасын білдіреді. Оның айтушы болатыны да сондықтан. Ол қоғамдық санаға қозғау салар елге жеткізер сөзін нанымды да ықпалды ету үшін дәлелдер мен дәйектерді және өзге айтушының жұрт назарына бұрын ұсынылған айттындысын да пайдалана алады. Айтушыға шешендік өнер шеберліктерін меңгерген әлдеқайда пайдалы. Шешендік өнер дегенде ежелгі Римді еске алтынымыз – сол заманда біздің арғы ата-бабаларымыз шешендік өнерді білмеді дегендіктен емес, сол заманнан тасқа басылып бізге жеткен жәдігердің жоқтығынан деп түсінген дұрыс. Шешендік өнердің мектебін ұйымдастырып, онда шәкірт тәрбиелеп отыру дәстүрін қалыптастырған ежелгі Рим данышпандары Сократ (б.з.д. 471-399 жж.), оның шәкірті

Платон, әйгілі сөз зергерлері Марк Антоний, Лициний Красс, Квинт Гортензий, Цицерондардың шешендік мектептері қоғамдық сананы қозғаушы және игеруші алып күш болғаны тарихтан белгілі. Сол замандарда жазбаша пікір айтудан гөрі жұрттың алдында ауызша айтудың биік өнер деңгейіне жетуіне түрткі болған елдегі қоғамдық-әлеуметтік саяси жағдай еді. Римде б.з.д. II және I ғасырларда бұқаралық сөздің қарқын алуына қара халық арасында тұрмыс-тіршілікке көңіл толмастықтан наразылықтардың күшеюі әркімнің өз пікірін көшеге шығып жиналған топтың алдында айтуына мұрындық болды. Әркім елдің алдына шығып арыз арманын ғана айтпады, қоғамда орын алған кемшіліктер мен келеңсіздіктерді жоюдың жолын іздеуге шақырды. Қаумалаған топтың алдына шығып сөйлегендердің қайсысының ойы орынды, нанымды әрі өтімді соның соңынан ел ілесті. Соның сөзін көбірек тыңдады. Осындай ортада ел алдына суырылып небір шешендер шықты. Сөздің құдіретімен елдің ең құрметті адамдарының алдына шешендер шықты. Дәл осындай тарихи жағдайларға ұқсас құбылыс біздің қазақ даласында да болды. «Түгел сөздің түбі бір, Түп атасы Майқы би» деген тәмсілдің шығуына да себепкер болған қазақ халқының сөз өнерін ерекше бағалап, сөз ұстаған адамдарды айырықша құрмет тұтқаны римдіктерден еш кем емес. Қазақ халқының ортасынан да не бір шешендердің жүзден жүйрік мыңнан тұлпар шығуының басты-басты мынадай алға шарттары бар: Бірінші алғышарт – қазақтардың көшпелі өмір сүру қалыбы. Бір орында тұрақты отырмайтын, үнемі бір жерден екінші жерге ауысып қоныс тебетін елдің жазумен айналысатын, айналысқанмен оны жалпыхалықтық үрдіске айналдыратын мүмкіндігі болған жоқ еді. Яғни жазуды өнер деп бағалау әдебі оянбады. Екіншіден, айту әдеті мен әдебі әр қазаққа тән болған соң әрі ақпаратты тек ауызша алмасатындықтан, кім ақпаратты шебер де шешен жеткізеді, соның беделі артқан табиғи орта қалыптасты. Ондай ортада тыңдаушылар институты қалыптасады. Осы жоғары деңгейдегі тыңдаушылар институты айтушылар институтының қалыптасуына да, дамуына да игі ықпал жасайды. Сол айтушылар институты кешегі кеңестік дәуірде жоғалуға айналған еді. Тәуелсіздік алғаннан кейін қайта жандана бастады. Ол институттың бұтақ жайып өркендеуіне радио мен телевидение де атсалысып отырады. Айтушы тек журналистиканың осы салаларында ғана қызмет атқарады деген ой тұмауы керек. Айтушы кез келген саланың да адамы болуы мүмкін. Ол жасқа да, жынысқа да, кәсіпке де, қызметке де бөлінбейді. Кім қоғам алдында тұрған мәселелерді алқа топтың алдында айта алса, сол айтушы есебінде болады. Бірақ, айтылған сөз көпшіліктің

көкейіне қонса ғана ол айтушының беделі артады. Журналистикадағы айтушылар сол деңгейден көрінуге тырысады. Тегінде телерадио журналистикада осы функцияны атқаратын мамандарға «айтушы» деген ат беріп ресми бекіту керектігі сұранып-ақ тұр.

*Айташы* – радио немесе теледидарда айтармандар мен көрермендердің (тындармандардың) арасын байланыстырушы, айтылымды немесе көрсетілімді (бағдарламаны, ток-шоуды, т.б.) басқарып, жүргізіп отыратын маман. Екінің бірі айташы бола алмайды. Бұған арнайы маманданған және жұртты таңдалған тақырыпқа жұмылдыра алатын және ойды іендете тарқата, жан-жақты қамтуға жетелей алатын ойға кемел, тілге жүйрік және кәсіби ысылған адам лайықты. Әдетте айташының сырт келбеті, жұрт алдында өзін ұстауы, дауысының бояуы, сөйлеу машығы, дыбыстық-тілдік аппаратының дұрыстығы басты назарда болады. Көрермен ең алдымен айташының, айтаманның сыртқы кескін-жамалына мән береді. Одан кейін дауысының ұнажарына (тембр) құлақ түреді. Содан кейін сөйлеу мәнеріне, сөз саптауына, сөздік қорына көңіл қояды. Содан соң айтылған ақпарат және оның астарындағы айтпақ болған түпкі ойына дендейді. Егер айтылған ой оның санасына бәлендей әсер етпесе оның ажарына да, ғажап дауысына да, киген киіміне де қарауды қояды. Телеэкрандағы жүріп жатқан бағдарламаны өшіріп, басқа арнаға ауыстыруы мүмкін. Бұл – айташы мен айтаманға үлкен мін. Өйткені, халық экранға шыққан тұлғаның сыртына қарап қарсы алады да, айтқан ойының мәні мен мағынасына және дәл осы күнге қатыстылығына қарап шығарып салады. Көрерменге ең қажеті – айтаманның түр-тұрпаты емес, ең негізгі талап ететіні – оның ақпараттық сұранысын қанғаттандыра алу қабілеті. Айтқан сөзінің ақиқаты, өмірдегі шындыққа сай келуі.

*Айтарман* – студия қонағы. Таратып айтқанда, көрсетілім немесе айтылымда көтерілер мәселеге өз көзқарасын, пікірін, ойын айту үшін студияға келген адам. Ол айтушы мен айташыға экран сыртындағы көрермен немесе тындармандардың арман, мүддесін, тілек, талабын, пікірін жеткізуші.

*Оқылат (оқылатын ақпарат)* – бұл эфирден оқу үшін дайындалған мәтін. Басқа мәтіндерден мұның өзіндік өзгешелігі болады. Мұнда айтуға икемделген, естуге бейімделген дыбыстар мен сөз және сөз тіркестерінен құралған айтымдар (сөйлемдер) алдынала арнайы дайындалады. Көбінесе айтамандар үшін әзірленеді. Оқылатта басы артық сөз болмайды. Барлығы айтылар ақпараттың өтімді және жетімді болуы үшін құрылады.

*Жәрдемер.* Біз сырттан келген сөзді тікелей аударуға құмармыз. Өз сөздік қорымыздан дәл сондай аталым табуға болатынына шүбә келтіреміз. Жаңа сөз жасауды артық іс көреміз. Осы тұста академик Ә. Хайдаровтың мына уәжі орынды: «қазақ тілінің байлығын сарқа пайдалана алмадық. Ең басты себеп – замана үрдісі, тіл саясаты мен идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі. Екінші себеп – еліміздегі ұлт, ұлыс тілдерінің дамудан кенжелеп қалуына байланысты ғылым тілі болып, орыс тілімен терезесі тең тұра алмайды» деген пікірдің орталықта да, жергілікті мамандар арасында да қалыптасуы. Үшіншіден, терминдік ұғымдардың қайнар көзі орыс тілі болып саналды да, қалған жүздеген тілдердің бәрі тек «қабылдаушы» пассив тілдер болып келді. Төртінші себеп – ғасырлар бойы өз дәстүрімен еркін дамып келген ана тілі ғылыми-техникалық прогреске икемдеумен шұғылданбағандықтан, бірден лап берген терминология тасқынына төтеп бере алмады. Бесінші себеп – ана тілінің мүмкіншілігін толық ашып, терминология тасқынына қарсы қоярлықтай ұлт кадрлары тоталитарлық үкімет тарапынан кезінде жойылған болатын». Академик ағамыздың бұл сөзіне қазақ тіліндегі терминология мәселесін терең зерттеп жүрген ғалым Шерубай Құрманбайұлының мына сөзін қоса жалғасақ, ойымызды одан сайын аша түсетіні хақ: «Ең алдымен лек-легімен өзгеріссіз қабылдап алған мыңдаған терминдеріміз әбден орнығып, көзімізге ыстық көрінетін дәрежеге жетті. Сондықтан да оларды шаң жуытпай қорғаушылар аз емес. Екіншіден, термин жасаудағы тәжірибеміздің жеткіліксіздігінен, ...термин жасау ісінде тіліміздің мүмкіндігін сарқа пайдалануға дағдыланбағандығымыздан, ... әлі де дәстүрлі принциптерімізден шыға алмай отырғанымыздан ...қазіргі ғалымдарымыз бен салалық мамандарымыздың бәрі бірдей ғасыр басындағы қазақ зиялылары сияқты ана тілін жетік білмейтіндігінен... термин жасау ісі өз бағытын анықтай алмай отыр». (5)

Иә, қазақ тілінде қазақша термин жасауға әбден болатынын Ахмет Байтұрсынұлы ағамыз дәлелдеп кеткен.

«Дайын асқа тік қасық» жасап, бүгінгі біздерше тікелей сөзбе-сөз қотара салуға ана тілінің алдындағы ары мен ұяты, ұлт ұрпағы алдындағы жауапкершілігі жібермеді. Ұлттық намысы жолатпады Аханды ондай іске. *(Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті теориясының терминдерін жасау тәжірибесін еске алыңыз.)*

Намыс демекші, «суфлер» деген сөзді біз естігелі қашан. Бұл сөз сонау ХХ ғасырдың басында европалық театр өнерімен бірге келген еді қазаққа. Бірақ қазақша баламасы табылмаған күйде енді темір жәшікпен

бірге төрімізге шығып алмақ. «Темір жәшік» деп отырғаным – тележурналистикада айтаман алдында оқуға лайықталып алдынала жазылып қойылған мониторды да «суфлер» деп атайды.

Осы сөзді магистрант шәкірттерімізбен бірге апта бойы талқылап жүріп, ақыры оншақты баламаның ішіндегі «жәрдемер» деген сөзге тоқтадық. Шәкірттеріміз қазір «суфлер» демейді, «жәрдемер» дейді.

*Қосажар.* Телерадиожурналистикада спорттық көрсетілімдерге қосымша түсініктеме, анықтама, сипаттама беріп отыратын арнайы кәсіби мамандар жұмыс істейді.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (б) «қосамжар», «қосамжарлану» деген сөздің анықтамасы, айқындамасы, түсіндірмесі берілген. Біреу сөйлеп жатқанда, соған қабаттаса сөйлеуді осылай дейді. Сөздікте бір ғана әрпі басқа екен, яғни онда «қосанжар» деп беріліпті. Қайсысы дұрыс, ол – басқа әңгіме.

Телевизорда футбол көрсетілімі. Ойыншылар алаңда зыр жүгіріп жүр. Бәрін көріп отырған көрермен өзі де баға беріп отырады. Оның да өз талғамы бар. Соған қарамастан болып жатқан оқиғаға қосымша түсініктеме беріп, экранның ар жағынан арнайы дайындығы бар адам көрініске қосарлана сөйлеп, яғни қосамжарланып жатыр. Оны кәсіби тілде «комментатор» деп атайды. Қазіргі шұбарланған тілмен айтсақ: «Комментатор футболға комментарий беріп жатыр» немесе «комментатор футбол матчың комментарийлеп жатыр» болып шығады. Осындағы етістіктен басқа бір де бір сөз қазақша емес.

«Комментарий» деген терминді терминком «түсініктеме» деп бекітіпті. Қазақ тілі қолданысындағы «түсініктеме» деген сөз «объяснительная» деген орыс сөзінің орнына жүреді.

Ал «комментарий», «комментатор» сөздерінің баламаларын алыстан іздемей, жоғарыда тілге тиек болған қазақы сөзді кәсіби қолданысқа алсақ болғаны. «Қосамжар», «қосанжар» деген тұлғасын сол бұрынғы қалпында қалдырайық та, кәсіби салаға «қосажар» деп енгізелік. Бұл аталым өтіп жатқан істі қосыла жарлау мағынасын береді. Сонда «комментарий» дегеніңіз – «қосажар», ал «комментатор» дегеніңіз – «қосажаршы» болып шығады. Мысалы, «қосажаршы Есей Жеңісұлы» немесе «Амангелді Сейітханұлы бүгінгі ойынды қосажарлап берді» десек, сөз қазақы естіледі әрі түсінікті болады.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Омашев Н.* Ақпарат әлемі. Таңдамалы шығармаларының көптомдығы. Екінші том. Алматы. Қазығұрт. 2006. 32-бет
2. *Масғұтов С.* Телевизиялық журналистика негіздеріне кіріспе. – Алматы, 1975. – 97 б.
3. *Тұрсын Қ.* Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары. Монография, Алматы, «Білім», 2006. 9-б.
4. *Сыздық Р.* Қазақ тілінің анықтағышы. Астана: Елорда, 2000, – 120-201 бб.
5. *Құрманбайұлы Ш.* Қазақ лексикасының терминденуі. А., «Ғылым», 1998. 142-144 бб.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 6-том, Алматы, 1984, 321-б.

Әубәкірова А.Е.,

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан  
мемлекеттік университеті, қазақ тілі  
кафедрасының аға оқытушысы***НЕОНИМ ҰҒЫМЫ МЕН БОЛМЫСЫ**

Тілдің сөздік қорын дамытуға, соны байыту мен жетілдіруге әсерін тигізетін негізгі процеске лексикалық жаңа сөздердің пайда болуының есебінен тұрақты түрде өсу процесі болады. Халықтың тарихымен байланысты болғандықтан, тілдің сөздік құрамы соның өмірінің барлық сан-алуандығын көрсетеді: қоғамдық-саяси құрылымындағы, өндірістің, ғылымның, техниканың, мәдениеттің дамуындағы өзгерістерді. Тілдің сөздік құрамының кеңею процесі әсіресе терең қоғамдық-саяси күйзелістер мен әлеуметтік-мәдени өзгерістер кезеңінде қарқынды түрде жүріп отырады. Тілдің лексикасы өмірдегі қоғамдық өзгерістермен туындалған құбылыстарға өте сезімтал келеді.

Тілде салыстырмалы түрде жақын арада пайда болған, жаңа және әдеттен тыс реңін сақтап отырған жаңа реалияны (затты не ұғымды) білдіретін жаңа сөздер не сөз тіркестері неологизмдер деп аталады [1, 235 б.].

Тілдегі неологизмдердің пайда болуын тудырған себептерге байланысты олар мынадай түрлерге бөлінеді:

- тілде тілді тасымалдаушылардың өміріндегі ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік және өзге өзгерістерге байланысты туындаған, қоғам өміріндегі жаңа реалияны білдіретін неологизмдер;

- елеулі реалийлердің ескірген атауларын ығыстырып отырған соларды білдіретін неологизмдер. Неологизмдердің бұл түрі тілде өзінің атауы болған затқа жаңа, бұрынғысынан анағұрлым дәлірек атау берудің қажеттігіне орай пайда болып отырады.

Дамыған тілдерде баспасөзде бір жыл ішінде пайда болған неологизмдердің саны бірнеше мыңды құрайды.

Тіл фактілері ретінде неологизмдерден окказионализмдер концептуалды түрде бекітілген сөйлеу туындысының фактілері ретінде өзгешеленеді. Окказионализмдер (лат. occasionalis – кездейсоқ) – бұл автордың (не сөйлеушінің) белгілі бір стилистикалық мақсатпен шығарған сөздері, сол себептен олар көп жағдайда жеке дара-стилистикалық неологизмдер деп аталады. Олар, әдетте, кең тарауға ие болмайтындығымен және тілдің

сөздік құрамына енбейтіндігімен ерекшеленеді. Мұндай концептуалды – бекітілген сөздер тиісті жағдайдан тыс жерде өзінің мағынасын жоғалтады және тіл тасымалдаушылары үшін түсініксіз болып қалады. Алайда мән-мәтінде қолданылған жағдайда олар бейнелі сөзді, белгілі бір көркемдік әсерлерді, астарлы бірлескен ойынды шығарудың құралына айналады.

Окказионализмдер мен неологизмдердің қызметтік ерекшеліктерін сипаттай отырып, О. И. Александрова неологизмдерге былай деп анықтама береді: «зияткерлік-коммуникативтік қызметті орындауға арналған номинативтік (сәйкестендірілетін) лексикалық бірліктер ретінде туындап және қалыптасып отыратын жаңа сөздер. Ал окказионализмдер болса – бұл сипаттайтын (предикаттық) бірліктер ретінде туындап және қалыптасып отыратын жаңа сөздер» [2, 3 б.].

Қазіргі уақытта, «терминдердің басып қалуы» жағдайында (тілде пайда болып отыратын жаңа сөздердің 90%-дан артығын терминдер құрайды). Лингвистикалық терминология, бір жағынан, жоғары дәрежеде консервативті (не сонау антиктік кезеңде пайда болған терминдерді қолданады), ал екінші жағынан – бұл ашық, үнемі түрде толықтырылып отыратын жүйе. Мамандардың есептеуі бойынша, орыс, ағылшын, француз тілдері сияқты тілдердің неологизмдерін тіркеп отыратын сөздіктерде жаңа сөздер мен мағыналар 50% бастап 80% дейін құрайды [3, 118 б.].

Отандық тіл тану білімінде терминологиялық неологизмдерді – неонимдерді зерттеу мен суреттеу ісіне ерекше көңіл бөлінеді (Г. Рондонның термині). Солар өзінің зерттеу тақырыбы болып табылатын терминтану бөлімі неонимия, не неонимика деп аталады [4, 197 б.].

Неонимдерді белгілі бір саланың мамандары тұңғыш рет қолданады және олар тар мамандандырылған мәтіндерде туындап отырады. Жалпы әдеби тілдің неологизмдеріне қарағанда неонимдер терминнің ерекшеліктерімен негізделген бірқатар ерекше қасиеттерге ие, бұлар:

- ұғымдардың жіктемесіне негізделген жүйелілік;
- сол не өзге білім саласының сол даму кезеңіндегі белгілі бір терминдік жүйенің шеңберіндегі мазмұнының тұрақтылығымен;
- пайда болуының болжамдалатын сипатымен (жаңа термин аяқталған зерттеудің нәтижесінде туындайды);
- экспрессивтік-стилистикалық қабаттасулардың болмауы және, әдетте, өзінің бастапқы пайда болу кезеңіндегі полилексемалық құрылымымен.

Неонимдердің лингвистиканың метатілінде пайда болуының негізгі (экстралингвистикалық) себебіне өзге арнайы тілдердегідей



адамның танымдық қызметі жатады, ол ғылыми ойдың (бұл жағдайда лингвистикалық) дамуына және әлем туралы ғылыми білім көлемінің артуына ықпал етеді.

Осылайша, неонимдердің ерекшеліктері тікелей терминнің ерекшелігінен шығып отырады, соңғысы жалпы әдеби неологизмге қарағанда белгілі бір терминологиялық қатарға (жүйеге, ішкі жүйеге) жататындығымен, пайда болуының «орындылығымен» және ақталғандығымен (автордың пікірінше) сипатталады.

Неонимдер – ғылым тілінің міндетті атрибуты, себебі әрбір нешамамен алғанда әрбір ғылыми басылымда не жаңа термин шығарылып, не қолданыстағы нұсқасының мағынасы өзгеріп, не екеуі бірдей орын алып отырады. Лингвистика тарихында жаңа идеяларды білдіру үшін жаңа терминдердің дербес жүйесін құру мысалдары бар.

XX ғасырдың 20-шы жылдары глоссематиканың негізін қалаушылар Л. Ельмслев мен Г. Улльдаль (ядролық физика мамандары идеяларының әсерімен) мынадай қорытындыға келді: XX ғасырдың лингвистикасы антикалық ғылымнан онша көп өзгешеленбейді, ал ядролық физика ежелгілердің білімімен салыстыруға келмейді, және мұның себебін біз лингвистиканың ежелгі замандардағыдай заттың болмысына үңілмей тек сыртқы пішімін ғана сипаттауынан байқадық. Олардың пікірінше, заттың сыртқы пішімін емес, болмысын сипаттау үшін зерттеліп отырған нысан өздеріне түсіп отыратын қатынастардың жүйесін сипаттау керек. Ескі терминология мұндай мақсатқа арнап қолдануға келмейді, сол себептен олар өздерінің жаңа терминдер жүйесін құрды.

Көп жағдайда неонимдер терминологиялық сәйкессіздікті, хаос пен әбігерлікті жеңу үшін енгізіліп отырады. Алайда терминологиялық новациялар авторларды жаңалық енгізулердің тұтқындарына айналдырады. Мұндай авторларға енгізілген терминдер бойынша үнемі түрде түсіндірулер беріп отыруға тура келеді.

Белгілі болғандай, неологизмді ондайға жатпайтын сөзден өте анық түрде айыруға мүмкіндік беретін критерий жоқ. Көбінеки психолингвистикалық критерий ескеріліп отырады: тіл тасымалдаушылардың сезімі, олардың сөзді жаңа ретінде қабылдауы (лексикографиялық критерийдің маңызы одан да сенімсіз болып келеді, себебі сөздіктер неологизмдердің тасқын тәрізді ағынына ілесе алмай қалып жатады). Сірә, терминдік лексикада қолдану кезінде де тек қана психолингвистикалық критерий жаңа терминді көрсете алады.

Жаңа лингвистикалық терминдердің пайда болуы көбінеки қазіргі тілтану ғылымының дамуының басты беталысының нәтижесіне айна-

луда, бұл беталыс «экспансизм» деген атауға ие болды. Лингвистика өз сауалдарына жауапты өзге ғылымдардың ареалдарына не әдістеріне жүгінумен іздеп отырады. Жалпы алғанда лингвистика тәрізді осыншама күшті пәнаралық байланыстарға ие болатын ғылымдар аздап саналады.

Мысалы, социология мен саясат тану саласындағы *саяси сауаттылық* терминге айналып кеткен. Арнайы тілде игерілмеген кірме сөздерге ағылшын тілінен шыққан неонимдер жатады. Қазіргі уақытта ағылшын тілінің таралу серпінінің күшті болуы соншалықты ағылшын тілін екінші тіл ретінде пайдаланатын адамдардың саны жуық арада ол өздері үшін ана тілі болып табылатын адамдардың санынан асып кетеді. Ағылшын тілі «XX ғасырдың латын тілі» деп аталады. Ол ғылым саласында да *lingua franca* қызметін атқарады. XX ғасырдың соңындағы бес мың жетекші ғылыми журналдың 80% артық бөлігін америкалық не ағылшын баспалары ағылшын тілінде шығаруда. Бүкіл әлем бойынша ғылыми деректер қорларындағы ақпараттың жуықтап алғанда 90%-ы ағылшын тілінде сақталады.

Ағылшын тілінен шыққан неонимдер әртүрлі тілдерде кеңінен тараған және олардың, әдетте, ұлттық баламасы жоқ (мысалы, *Global English*), не, керісінше, белгінің бірнеше нұсқасына ие, бұл номинацияның анағұрлым оңтайлы және баламалы нұсқасын іздестірудің белгісі болып табылады (А. Вежбицкаяның мына терминдерін салыстырыңыз: *lingua mentalis* – ментальді тіл және ой тілі, *cultural scripts* – мәдени негізделген сценарийлер, мәдени сценарийлер, мәдени жазбаша өкімдер, мәдени скриптілер; германистика термині *Language for Special (Specific) Purposes* – арнайы мақсатқа арналған тіл және арнайы тіл).

«Саяси сауаттылық» (*political correctness – PC*) деген атауға ие болған күшті мәдени-іс-қимылдық және тілдік беталыс ағылшын тілінің негізінде АҚШ-та қалыптасқан. Батыстық социологиядан өзінің отандық баламасы жоқ *гендер* термині де келген.

Күрделі неонимдердің пайда болу себептері жайлы айта отырып [5], ғалымдар ішкі лингвистикалық факторларға көңіл бөлуде, оларға мыналар жатады:

1) «тіл жүйесінің тудырғыш қызметі, ол тілде ешқашан өзінің толық құрамында қолданылмайтын сөз құрылу ұяшығының сол не өзге мүшелерінің пайда болуын мүмкін етеді»[6];

2) жаңа сөздердің құрылуының ішкі тілдік стимулы деп «тілдік үнемдеу» принципі (О. Есперсен) не «тілдік күш салуларды үнемдеу заңы» (А. Мартине) саналады;

3) құрама-неонимдердің пайда болуына орыс тілінде бұрыннан бар қосу әдісінің орын алуы ықпал етеді, бұл әдіс, ғалымдардың пікірінше, сонау праиндосуропалық кезеңнен басталады [7].

Терминологиялық неологизмдердің «ендірілу» критериіне сөздікті құрастырушының ғылыми тәжірибесі (сарапшының пікірі) және лингвистикалық метатілде әрекет етуінің мерзімділігі жатады [8, 5 б.]. Терминнің ендірілу дәрежесі «ену критеріі» арқылы бағаланып отыруы мүмкін [9, 11–13 б.]. Соған сәйкес барынша көбірек қолданылатын неонимдер аз қолданылатын жаңа сөздерге қарағанда көбінеки полилексемалық терминдердің құрамында ұсынылған.

Дәстүрлі терминологиялық аппараттың шеңберінен тыс шығып отырған және қазіргі сөйлеу сөзінде қолданылып жүрген неонимдер «ендірілу» кезеңінде болып отыр, себебі олар мамандардың мойындауына ие болып және уақытпен сыннан өткен. Елімізде тарихи-экономикалық тұрғыда орын алған өзгерістер лексикадан өз көрінісін тапты. 90-шы жылдардан бастап ұзақ уақыт бойы сөздіктерде идеологиялық белгілермен (төңкеріске дейінгі), (капиталистік) беріліп жүрген ескі лексика өзектіленіп, сөздіктерде идеологиялық белгісіз берілуде: «елеулі жағы сол, бұл сөздік сырттан мәжбүрлі түрде енгізіліп отырған идеологиялық және саяси сипаттамалардан толықтай босаған. Бұл ең алдымен ғылым, саясат, іскерлік өмір, өндіріс, қаржы, сауда тәрізді салаларға қатысты.

Соңғы он жылдағы жаңа лексикографиялық дереккөздерді талдау аталған топтармен қатар сөздіктерге жаргондық экономикалық лексиканың, кәсіби сөздер мен жаргондардың кіргенін көрсетті:

- *грин-беки/green backs* (сөзбе-сөз: «жасыл арқалар», АҚШ доллары, ауызш.);

- *бул-маркет /bull market* (сөзбе-сөз: «бұқа базары»), осылайша биржалық алып-сатарларды атайды, олар бағалар өсіп кетеді деген оймен бұрын сатып алынған келісімшарттарды сатып алады немесе сақтап қояды;

